

Қ. Қ. Кунапина

МЕКТЕПТЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА



**Студент-практиканттарға арналған
әдістемелік құрал**

Қ. Қ. Кунатина

МЕКТЕПТЕГІ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ПРАКТИКА

*Студент-практиканттарға арналған
әдістемелік құрал*

Алматы
«Қазақ университеті»
2011

ББК 63.5(5Каз)

К 88

2/3 - 2
фил N1 - 6
фил N2 - 2
к/р/с - 10

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынған*

Пікір жазған

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Т.Ә. Төлебаев

450417-1907/00 ~ 908

Кунапина Қ. Қ.

К 88 Мектептегі педагогикалық практика: студент-практиканттарға арналған әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 69 б.

«Мектептегі педагогикалық практика» атты студенттерге арналған әдістемелік құрал болашақ жас педагог мамандарды дайындау барысында ең қажетті әдістемелік құралдардың бірі. Студенттердің жоғары оқу орындарындағы педагогикалық практика кезінде мамандық шеберлігінің іргетасы қаланады. Сабақ берудің алғашқы қадамы жасалады. Сондықтан, бұл әдістемелік құрал тек студенттерге ғана емес, жоғары оқу орнының оқытушыларына да, орта мектептің мұғалімдеріне де қажетті әдістеме. Өйткені, әдістемелік құрал мектептегі педагогикалық практика жөнінде толық жан-жақты мағлұмат береді.

ББК 63.5(5Каз)

Семей мемлекеттік
педагогикалық
институты
кітапханасы
Шәкәрім д., 42

© Кунапина Қ.Қ., 2011

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Болашақ мамандарды тәрбиелеуде педагогикалық практиканың маңызы зор. Қоғамның дамуы барысында болашақ жас педагог мамандарды, өз ісінің шебері мамандарын дайындау білім беру саласындағы өте жауапты міндеттердің бірі. Әуелден-ақ осы жауапты міндет жоғары оқу орындарының еншісінде. Міне, осы жоғары оқу орындарындағы педагогикалық практика кезінде мамандық шеберлігінің іргетасы қаланып және сабақ берудің алғашқы қадамы жасалды. Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас мәдениеті қалыптасады.

Сабақ берудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру, білім берудің сапасын көтеру өте маңызды.

Болашақ мұғалімнің сабақ беру шеберлігі мен оның сабақ беру үрдісіндегі кемшіліктері, әрине мамандық даярлау барысында қалыптасады. Сондықтан да мектептегі педагогикалық практика студенттер үшін де тәлімгер ұстаздар үшін де өте жауапты.

Оқу бағдарламасына сәйкес студенттер мектептерде педагогикалық практикадан өтуі тиісті. Жұмыстың бұл ерекше де, жауапты түрі студенттердің жоғары оқу орындарында алған теориялық білімдерін практика жүзінде тікелей қолдануға мүмкіндік береді.

Әдістемелік құралда педагогикалық практиканың мақсаты мен міндеттері, студент-практиканттың міндеттері анық, кезең-кезеңдермен көрсетілген. Сонымен қатар, сабақ, сабақты бағалау шарттары, сабақты және сабақтан тыс сабақтарды талдау үлгілері берілген.

Әдістемелік құралда студенттің тапсыратын құжаттарының үлгілері көрсетілген. Мысалы, студент күнделігі қалай жазы-

лады, толтырылу ерекшелігі, педпрактика соңында студенттің тапсыратын құжаттары анық көрсетілген.

Әдістемелік құралда:

– қазіргі таңда қоғамдық пәндер бойынша сабақ берудің бірнеше әдіс-тәсілдеріне;

– ҰБТ-ға дайындау ерекшеліктеріне;

– орта мектепте қоғамдық пәндерде жиі қолданатын термин сөздерге шолу жасалынған.

Әдістемелік құрал тек студенттерге ғана емес, ЖОО-да жұмыс істейтін оқытушыларға да, орта мектептегі педпрактикаға жауапты оқытушыларға да көмегі зор деп есептейміз.

*ҚР Білім беру ісінің үздігі,
Ы. Алтынсарин медалінің иегері,
ал-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,
т.ғ.к. Қ.К. Кунатина*

Педагогикалық практиканың мақсаты:

– Орта мектептің оқу үрдісіндегі жұмыс түрлерімен етене жақын танысу.

– Сабақ беру барысында жаңа әдіс-тәсілдермен танысу, игеру, жетілдіру, қолдану.

– Оқушылардың жас ерекшеліктерін және психологиялық жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін сабақта қолдану.

Педагогикалық практиканың міндеті:

– Болашақ мұғалім және жастардың тәлімгерлерінің педагогикалық мамандық қызметінің қалыптасуына ықпалын тигізген университет студенттердің оқу процесінің бір бөлігі болып табылады.

– Педагогикалық практика барысында алған теориялық білімдерін мектептегі оқу үрдісінде практика түрінде іске асады.

– Сабақ беру барысында әдіс-тәсілдерді жетілдіре отырып, білім берудің негізгі міндеттері: білім беру, тәрбие беру, дамытушылық міндеттерді жүзеге асыру.

– Сабақ беру барысында сыныптар, бөлімдер, тараулар бойынша негізгі мақсатты нақтылау.

– Педагогикалық практика кезіндегі негізгі жұмыстың кезеңдерінің мақсатын нақтылау.

– Оқушылардың қабілеттерін ескере отырып, сабақ берудің мақсат-міндеттерін білім мазмұнына сәйкестендіру.

– Оқушылардың білім деңгейін бақылау, тексеру туралы әр түрлі тапсырмалар дайындау (тест, ауызша, жазбаша сұрақтар, т.б.).

– Университеттен алған теориялық білімдерін ғылыми негізде тереңдету, бекіту. Оны практика барысында оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану.

– Оқушылардың жас, жеке ерекшеліктерін ескере отырып, педагогика, психология пәнінен алған білімдерін негізге ала отырып, оқу-тәрбие жұмысын жүргізуге үйрету.

– Оқушылардың танымдық қызметін арттыру мақсатымен сабақтың әр түрлі типтерін, әр түрлі әдіс-тәсілдерімен өткізуге даярлау.

– Жеке оқушылармен, оқушылар ұжымымен жұмыс жүргізуге және сынып жетекшісінің қызметін атқаруға үйрету.

– Студенттерге педагогикалық кәсіпке деген сүйіспеншілік пен тұрақты қызығушылық, өздігінен шығармашылықпен ізденуге, практикалық білім алу қажеттілігіне тәрбиелеу.

– Оқушылардың денсаулығын қорғауға студенттерде дұрыс көзқарас қалыптастыру.

Студент-практиканттардың міндеттері:

– Студент-практикант мектептің ішкі тәртібіне, мектеп директорының практика жетекшісінің және мұғалімдер мен әдіскерлердің берген талаптарын орындауға міндетті.

– Практикант жұмыстың барлық түрлерін педагогикалық практика бағдарламасы көлеміндегі әрбір сабаққа, сыныптан тыс жұмыстарға жан-жақты даярлықпен келіп, өзінің еңбек сүйгіштігімен жұмысқа деген қабілетімен үлгі бола білуі керек.

– Практика барысында әр студент мектепте сабақ басталуына немесе тәрбие шараларының басталуынан 15 минут бұрын

келіп, жетекшіден нұсқау алу керек. Практикант мектепте 6 сағаттан кем болмауы керек.

– Озық тәжірибе үйрену мақсатымен мектеп мұғалімдерінің сабағына қатысуы керек. Өз тобындағы студенттердің сабақтарын көріп, оны талдауға белсенді қатысуы керек.

– Студент-практикант сабаққа кірмес бұрын міндетті түрде сабақ жоспарының конспектісін жасайды, оны пән мұғалімі тексеріп, әдіскер жетекшіге бекіттіреді. Бекітілмеген сабақ жоспарынсыз студент-практикант сабаққа жіберілмейді және қанағаттанғысыз баға қойылады.

– Студент-практикант университеттің педагогика, психология кафедрасынан бөлінген оқытушылардың тапсырмаларын да мұқият орындап, уақытында құжаттарын өткізу керек.

– Студент-практикант мектептің ішкі тәртіп ережелерін және практика жетекшісінің талаптарын бұзған жағдайда (әсіресе сабақ өткізбей жіберген жағдайда т.б.) практикадан босатылып, қанағаттанғысыз баға қойылады.

– Студент практиканың соңғы кезінде өзінің істеген жұмысының қорытынды есебін жазбаша түрде жазып және керекті құжаттармен бірге әдіскерге тапсырады.

– Педагогикалық практика 6 апта мерзімінде өтуі тиіс, негізгі 2 кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде – студент-практикант пән мұғалімінің оқу әдістемелік жұмыс түрлерімен танысып, міндетті түрде белгілі бір сыныпқа жетекшілікке тағайындалады. Пән мұғалімінің басшылығымен жеке жоспар жасалынып, сабаққа қатысып, әдіс-тәсілдермен танысады. Сабақ беретін сынып оқушыларымен танысып, сабақ жоспарларын дайындайды.

Екінші кезеңде – студент-практикант өз бетімен тікелей сабақ беріп мұғалім қызметін атқарады.

СТУДЕНТ-ПРАКТИКАНТТЫҢ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ

1-апта. 1-кезен

1. Факультет әкімшілігі жауапты кафедра оқытушыларымен және студент-практиканттарымен біріккен маслихат өткізіп, студенттерді педагогикалық практиканың бағдарламасымен, олардың мақсат-міндеттерін, құжаттарды толтыру тәртібімен (жұмыс күнделігі, есебі т.б.) сынақ тапсырудың ерекшеліктерімен таныстыру. Студенттердің мектептерге бекітілуін және жұмыс жоспарын тиянақты талқылап, бекіту (бұйрықтар, құжаттармен таныстыру).

2. Мектеппен, мектеп әкімшілігі мен тарих пәні мұғалімдерімен, бекітілген сынып оқушыларымен, сынып жетекшілерімен танысу.

3. Әрбір практикант студенттің белгілі бір пән мұғаліміне бекітілуі.

4. Пән мұғалімдерінің әдістемелік жұмыстарымен танысу.

5. Сабақ тақырыптарын бөліп, анықтап, сабақ жоспарының жобасын дайындап, жоспарын жазу.

6. Сабақтарға қатысу

2-6 апта. 2-кезен

1. Сабақ өткізу (15-18 сағат).

2. Педагогикалық практика күнделігін толтыру (алғашқы күннен бастап).

3. Сабақ жоспарын (конспект) жасау.

4. Сынақ сабағын өткізу (сабақ, тәрбие сағаты).

5. Студент-практиканттардың сабағына қатысу (міндетті түрде).

6. Сабақты талқылауға қатысу.

Мектеппен танысу мақсатында педагогикалық практикаға 1-2 курс студенттері де барады. Бұл курстарға педагогикалық практика сабақтан тыс уақытта 6 күннен 10 күнге дейін созылады.

Университеттің осы төменгі курстарға арналған «мектеп күні» бағдарламасын ұсынамыз.

«Мектеп күні» бағдарламасы:

1. Практиканың мақсаты: студенттің мұғалім қызметінің әлеуметтік мәні мен оқушы тұлғасын қалыптастыруға әсерін түсінуі.

1-курстағы үздіксіз педагогикалық практиканың міндеттері:

– студенттерді мұғалім мамандығына деген қызығушылықты және жағымды қарым-қатынасқа тәрбиелеу;

– ҚР-дың жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайында қазіргі білім беру жүйесін реформалаумен болашақ мұғалімдерді таныстыру;

– әртүрлі типтегі оқу-тәрбие мекемелеріндегі тәрбие мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттердің іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру.

2. 1-ші күні жоғары оқу орындарындағы практика алдындағы конференция (мәслихат)

1. Практиканың мақсаты мен міндеттерімен таныстыру.

2. Педагогикалық практикаға байланысты құжаттарға қойылатын талаптармен таныстыру.

3. Студенттерге арналған топтық және жеке тапсырмаларды анықтау.

4. Мектептерге бөлу.

3. Педагогикалық практиканың әрбір күні бойынша мазмұны: Мектепте 2-ші күннен 10-шы күнге дейін (мектепте барлығы 10 күн)

Мектепте 1-ші күні:

1. Мектеппен танысу, мұғалімдермен, мектеп әкімшілігімен кездесу.

2. Студенттерді сыныптарға бөлу.

3. Сыныппен, сынып жетекшісімен танысу.

4. Мектептің, сыныптың тәрбие жұмыстарының жоспарымен, пән кабинеттерімен, лабораториялық кабинеттермен т.б. танысу.

Студенттердің мектепте өз сыныбын танып білуі 2-6-шы күндері өтеді.

а) өз сыныбындағы сабаққа күнделікті қатынасу (1-ші сабақтан 4-ші сабаққа дейін);

б) әрбір күн бойынша өз пікірін күнделікке жазып отырылуын жүзеге асыру;

с) оқушылардың іс-әрекеті қалай ұйымдастырылуын, әрбір сабақтағы мұғалімнің оқушылармен қатынасындағы кәсіби тұлға сапасының көрінуі (ұйымдастырушылық, қарым-қатынас, болжамдық және диагностикалық т.б.).

САБАҚ, САБАҚТЫ БАҒАЛАУ, САБАҚ ТАЛДАУ ҮЛГІЛЕРІ

Сабақ – бұл оқу-тәрбие үрдісінің логикалық жағынан аяқталған біртұтас, белгілі бір уақыт шеңберінде өтетін бөлігі. Онда оқу тәрбие үрдісінің барлық негізгі элементтері: мақсаты, мазмұны, құралдары, әдістері, ұйымдастыру ісі көрініс табады. Сабақтың сапалы болуы да осылардың әрқайсысын дұрыс анықтап, өзара ұштастыра білуіне байланысты.

Сабақты құраған кезде қандай білім меңгерілуі тиіс екені ғана емес, оның қай деңгейде меңгерілуі керектігін де анықтау қажет.

Мектептегі сабақ уақыты 45 минутқа негізделген артық не кем өткізуге болмайтыны түсінікті. Сабақ негізінен мынадай бөліктерден тұрады:

1. Ұйымдастыру
2. Үй тапсырмасын сұрау
3. Үй тапсырмасын қорытып жаңа сабақпен байланыстыру
4. Жаңа сабақ түсіндіру
5. Жаңа сабақты пысықтау
6. Үйге тапсырма беру
7. Бағалау

Жоғарғы курстарда өтетін педагогикалық практика мерзімі 6-7 апта. Алдын ала мектеп пен университет 3-5 жылға келісім шарт жасалады. Педагогикалық практикаға арнайы бұйрық шығарылып, студенттердің қай мектепке баратын уақыты жөнінде, жетекшілері мен факультет әкімшілігімен арнайы мәслихат өткізіледі. Сонымен қатар педагогикалық практиканың соңында да жабылу мәслихаты өткізіліп, мектеп ұстаздары шақырылып, студенттер өз пікірлерін айтып, көрме ұйымдас-

тырылып, әдіскерлер кафедра меңгерушілері қатысып, үздік студенттер мен ұстаздар, оқытушылар марапатталады.

Педагогикалық практика басталғаннан соң 5-6 күн ішінде мектепке бөлінген жауапты оқытушы деканатқа төмендегідей кесте тапсырады. Өйткені педагогикалық практикаға факультет әкімшілігі де, кафедра меңгерушілері де жауапты екені түсінікті. Сондықтан, олар студенттердің сабақтарына, сынақ сағаттарына, сыныптан тыс сабақтарына қатысқаны жөн.

Факультеттен бөлінген жауапты әдіскердің педагогикалық практика жөнінде деканатқа (немесе педпрактикаға жауапты адамға) өткізетін іс-қағаздарының үлгісі:

Мектеп	Университет ҚазҰУ
Телефон:	Телефон:
Мектептен жауапты мұғалім:	Жауапты оқытушы:
Аты-жөні:	Аты-жөні:
Телефон:	Телефон:

Мектептегі қоңырау кестесі

№	I ауысым	№	II ауысым
1.		1.	
2.		2.	
3.		3.	
4.		4.	
5.		5.	
6.		6.	

Мектепке бөлінген студенттер

№	Аты-жөні	Сынып жетекшісі	Сабак беретін сыныптар	Бөлінген сағат саны	Сынып жетекшілігі
1					
2					
3					
4					
5					

I ауысым
Студенттердің сабақ кестесі:

№	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1.						
2.						
3.						
4.						

II ауысым
Студенттің сабақ кестесі

№	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма	Сенбі
1.						
2.						
3.						
4.						

Студенттің ашық сабағы

№	Аты-жөні	Сыныбы	Сабақ тақырыбы	Күні, уақыты	Баға
1.					
2.					
3.					
4.					

Күнделіктің сыртқы беті / (титульный лист)
(үлгі)

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

_____ факультетінің педагогикалық практика
жөнінде _____ курс студенті

КҮНДЕЛІГІ

Мектеп _____
Мекен жайы _____
Мерзімі « _____ » _____ «201__» « _____ » _____ «201__» _____
Жауапты кафедра _____
Кафедра меңгерушісі _____
Жауапты әдіскер _____
Педагогика кафедрасынан _____
Психология кафедрасынан _____
Мектеп директоры _____
Оқу ісінің меңгерушісі _____
Тәрбие ісінің меңгерушісі _____
Мектептегі пән мұғалімі _____
Сынып жетекшісі _____

Алматы 201__ ж.

Студент-практиканттың педагогикалық практика жөніндегі есебі (үлгі)

Студент-практикант _____

Факультет _____ тобы _____

күннен _____ күнге дейін _____ 20 _____ жылы педагогикалық практикадан өтті.

1. Педагогикалық практиканың жұмыс жоспарының орындалуы. Жоспардағы жұмыстан ауытқу болды ма, себебі қандай?

2. Жоспардан тыс қандай жұмыс жасалды, ерекшеліктері.

3. Өткізген сабақтар саны. Қатысқан сабақтар саны. Сабақ өткізу барысындағы жетістіктер мен кемшіліктер. Себебін түсіндіріңіз.

4. Педагогикалық практика кезінде қандай әдіс-тәсілдерді үйрендіңіз.

5. Педагогикалық практика жөнінде жалпы пікіріңіз. Практиканы ұйымдастыру және өткізу жөнінде сіздің ұсынысыңыз.

Практика қорытындысы нәтижесінде студент білуі қажет:

- сабақ беру әдістерінің негізін;
- сабақ беру технологиясының әдістерін жетілдіру жолдарын;
- педагогикалық қызметтің әдіс-тәсілдерін;
- әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау, сабақтың әр түрін өткізу жолдарын дайындап өткізу;
- оқушылардың сабақ үстіндегі шығармашылық қабілетін арттыру;
- оқу әдістемелік жұмыста дағдыларын қалыптастыру;
- жаңа технологияны, ақпараттық технологияны сабақ беру барысында қолдану.

Педагогикалық практика соңында студенттердің тапсыратын құжаттары:

1. Күнделік

2. Үш сабақтың толық әр түрлі жоспарлары (хаттама-сымен)

3. Сыныптан тыс сабақ жоспары (1)

4. Мектептен мінездеме

5. Студенттің педагогикалық практика жөнінде есебі мен ұсыныс пікірі

Педагогикалық практикаға жауапты оқытушы әдіскер тапсыратын құжаттар (Педагогикалық практиканың жабылу конференциясына дайын болуы қажет):

1. Студенттердің іс-қағаздары (жоғарыда көрсетілген 5 құжат).

2. Жауапты оқытушының педагогикалық практика жөніндегі есебі мен ұсыныс пікірі.

3. Ведомость (педагогикалық практика жөнінде бухгалтерияға 3 күн ішінде іс-қағаздарын өткізу қажет).

Ескерту:

1. Әрбір студенттің өткізген сабағына хаттама жазылып, топ студенттерінің пікірі, әдіскердің, пән мұғалімінің пікірі ескеріліп баға қойылады.

2. Педагогикалық практиканың қорытынды бағасын әдіскер оқытушы және факультеттен педагогикалық практикаға жауапты оқытушымен келісіп қояды.

3. Педагогикалық практика бағасы студенттің сынақ кітапшасына қойылады.

4. Күнделік жеке дәптерге толтырылады.

5. Практикант студенттің педагогикалық практика жөніндегі есебі, ұсынысы бөлек жазылады.

6. Мектеп әкімшілігі тарапынан берілетін мінездемеге мектеп директорының, пән мұғалімінің, сынып жетекшісінің қолы қойылып, мөр басылып, бағаланады.

САБАҚТЫ БАҒАЛАУ ШАРТТАРЫ (ҮЛГІ)

Р/с	Көрсеткіштер	Баға	Сіздің бағаныз
1.	Сабақты ұйымдастыру	5	
2.	Үй тапсырмасын тексеру	5	
3.	Материалды берудің ғылыми деңгейі	5	
4.	Оқушылар зейінін тақырыпқа шоғырландыру	5	
5.	Сабақты өткізу әдісін таңдау	5	
6.	Жаңа материалды түсіндіру, проблемалық мәселені қоя білуі	5	
7.	Жаңа материалды бекіту	5	
8.	Өткенді қайталауды ұйымдастыру	5	
9.	Оқулықпен жұмыс, өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуы	5	
10.	Ұжымдық, жекелей, саралап оқытуды ұйымдастыру	5	
11.	Мұғалім мен оқушы қатынасы	5	
12.	Техникалық көрнекілік, дидактикалық материалды пайдалануы	5	
13.	Білімді бағалау, бақылау	5	
14.	Сабаққа жаңа педагогикалық технологияны пайдалану	5	
15.	Уақытты үнемдеу	5	
16.	Пәнаралық байланысты дамыту	5	
17.	Кері байланысты ұйымдастыру	5	
18.	Білімді практикада пайдалану	5	
19.	Үй тапсырмасының мөлшері	5	
20.	Сабақты аяқтау, қорытындылау	5	
Барлығы: 100			
80-100 – балл		5 – баға	
50-70 – балл		4 – баға	
40-20 – балл		3 – баға	
19-0 – балл		2 – баға	
Сіздің бағаныз			
Қолыңыз			
Күні			

Семей мемлекеттік
педагогикалық
институты
кітапханасы
Шөкәрім Д., 42

Сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын талдаудың параметрі

Такырыбы _____
 Күні _____
 Өткізілген орны _____
 Сыныбы _____ қатысқан оқушы саны _____
 Сынып жетекшісі _____
 Қатысқан мұғалім, ата-ана т.б. _____
 Өткізілу түрі _____

№	Талдау параметрлерінің мазмұны	Белгілері
А	Ұйымдастырылуы	
Б	Көрнекілігі, жабдықтауы	
В	Тәрбие жұмыстарының максаты мен міндеттерінің дұрыстығы	
Г	Ғылыми негізі	
Д	Жұмыстың саяси-идеялық бағыты	
Е	Эстетикалық бағыты	
Ж	Психологиялық ахуалы	
З	Проблеманы талдаудың дұрыстығы, факторы, мысалдары, мәні	
И	Жұмысты өткізу әдісінің тәрбиелік мәніне сай келу дәрежесі	
К	Оқушының жас ерекшеліктері мен жеке ерекшеліктерін ескеру	
Л	Жұмысты дайындау кезіндегі оқушының белсенділік дәрежесі	
М	Сонғы нәтижесі	
Н	Өзіне-өзі талдау жасау	
О	Педагогикалық ынтымақтастық	
П	Халықтық педагогиканы жүзеге асыру	

Талдау параметрінің кестесі

Оптимал																	
Жарамды																	
Әлсіз																	
Жарамсыз																	
	А	Б	В	Г	Д	Е	Ж	З	И	К	Л	М	Н	О	П	Р	

Оқушылардың білімін бағалау нормативтері (қоғамдық пәндер саласы бойынша)

Оқушының білім, білік дағдыларын дұрыс бағалай, оны есепке алу – әрбір оқушының жеке бағдарламалық тақырыптар бойынша білімдерінің сапасын көрсететін көрсеткіш. Қоғамдық пәндер саласы бойынша оқу білім жазбаша, ауызша жауаптары мен баяндама, реферат, т.б. шығармашылық еңбектерінен кейін 5 баллдық жүйесімен бағаланады. Бағалау кезінде ескерілетін нәрсе (жайттар): білім тереңділігі (ғылымилығы, ұлы ойшылдар пікірі, құжаттарды пайдалану ескеріледі); толық жауабы мен қажетті мәліметтерді орынды пайдалануы (бағдарламалық көлемде); тақырыптың мазмұнын аша алатындай мәселені өзіндік ой-пікір тұрғысында жүйелі баяндауы және әдеби тіл нормасын сақтау мен қорытынды пікір орынды, тиянақты болуы шарт.

«5» деген баға – тақырыпты терең ұғынып, өте жақсы түсінген, мәселені өзіндік ой-пікір тұрғысында дұрыс талдай білетін, ойын жүйелі баяндаған, тілі бай, әрі арнайы термин тілінде сөйлей алатын, қорытынды пікірі орынды, тиянақты оқушыға қоятын баға.

Қосымша өте күрделі сұрақтарға қысқа болса да тиянақты жауап алғанда немесе жауап бере алмаған оқушы жауабына толықтырулар енгізе алатын оқушыға қойылады.

Кітапхана қорын пайдалана алатын реферат, тезис, конспект жазуға машықтанған оқушыға қойылатын баға.

«4» деген баға – негізінен тақырып дұрыс ашылса, қажетті қорытындылар мен түйіндеулер дұрыс жазылса, ойын баяндауда бірен-саран дәлсіздіктер жіберілсе, ой жүйесінің шамалы бұзылуы байқалса қойылады.

«3» деген баға – тақырыптан айтарлықтай ауытқыған болса, материалды баяндау негізінен дұрыс, бірақ жекелеген фактілік дәлсіздіктер кездесе, сөздік қоры жұтаң, сөйлем құрылысы біркелкі болса, терминдік қоры аз болса қойылатын баға.

«2» деген баға – тақырып мазмұны ашылмаса, көптеген фактілер қате болса, баяндау жүйесі бұзылса қойылатын баға.

«1» деген баға – тақырыпты мүлдем меңгермеген оқушыға қойылатын баға.

ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕРДІ ӨТКІЗУДЕГІ САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Р. Әбішов,
Қазақ тарихы № 4-2007 ж.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Модульдік сабақ (4-сағат)

Модуль құрылымы	Сағат саны	Модульдің мазмұны	Уақыты	Ескертпе
Кіріспе	1-сабақ	1. Модульге кіру. 2. Дәріс: «Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс». 3. Тірек сызбаны түсіндіру.	15 минут 30 минут	Оқушылардың дәптерге жазуы
Сөйлеу бөлімі	2-сабақ	«Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс». 1. «Аукцион» үйрету ойыны. 2. «Мәтін бөліктері» арқылы үйрету ойыны.	20 минут 25 минут	
	3-сабақ	1. «Не? Қайда? Қашан?» Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. 2. Мені түсін ойыны.	30 минут 15 минут	
Қорытынды	4-сабақ	Тест. «Тарихи сынақ хат»	30 минут 15 минут	

Білімділік мақсаты: 1. Жалпыұлттық дағдарыстың пісіліп-жетілуінің себептерін түсіндіре отырып, патшаның Орта Азия

мен Қазақстанның «Бұратана» халықтарын қара жұмысқа алу жөніндегі 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлығының жат мәнін ұғындыру.

2. Көтерілістің басталуы. Оның сипаты мен қозғаушы күштерін айта отырып, бүкіл Қазақстан бойынша отаршыл режимге қарсы бүкіл халықтық қозғалыстың белең алу себептерін ашып түсіндіру.

Дамытушылық мақсаты: қосымша деректі материалдар және құжаттармен, фактілермен таныстыру арқылы оқушылардың ой-өрісін, өзіндік ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік мәні: еркіндікке, бірлікке, білімділікке, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: топтық, ұжымдық сабақ.

Сабақтың тәсілі: логикалық ой қорыту, дәлелдеу, пікір айту.

Көрнекілігі: карта, карточкалар, тірек сызбалар.

1-сабақ Дәріс тезистері

1. XX ғасырдың бас кезінде Ресей азиялық шығысты отарлауды жедел қарқынмен жүргізе бастады. 1907-1912 жылдардың өзінде еуропалық бөлігінен 2 млн 400 мың адам әкеліп қоныстандырды. Патша өкіметі 1916 жылға қарай қазақтардың 40 млн га шұрайлы жерін тартып алып, қоныстандыру қорын құру. Қазақтар шөл дала мен тауларға тықсырылды.

2. Өлкені талап-тонау 1-ші дүниежүзілік соғыс жылдарында бұрынғысынан да жеделдете жүргізіліп, ауқымды сипат алады. Қазақ даласынан арзан бағамен мал сатып алынды. Патша армиясы үшін киіз үй мен киіз бұйымдары жиналды.

«Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», – деп жазды А. Байтұрсынов сонау 1913 жылдың өзінде.

3. Соғыс елде өнеркәсіптің қожырауын, ауыл шаруашылығының құлдырауын, тасымал дағдарысын, ашаршылықты туғызады. Жергілікті шенеуніктердің алымы күрт көбейіп, ұлт-

аралық арандату саясаты жүргізіледі. Қазақ даласында жалпы-ұлттық дағдарыс пісіп-жетілді.

4. Көтеріліске шығуға 1916 жылғы маусымның 25-індегі патша жарлығы себепші болды. Қара жұмысқа 19-дан 43 жасқа дейінгі еңбекке жарамды барлық ер адамдар алынуға тиіс еді. Түркістан мен Дала өлкесінен 500 мыңнан астам жігіт алу көзделді.

5. Қазақтың демократиялық зиялы қайраткерлері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтар қазақтарды тыл жұмыстарына шақыруды уақытша кейінге қалдыруды, оны тиісті дайындық жұмыстарынан кейін жүзеге асыруды ұсынды. Бұл орайда олар соғыс жеңіспен біткен жағдайда өз халқының тағдырын жеңілдету мен ұлттық автономия құруға үміттенді.

6. 1916 ж. көтеріліс бүкіл Қазақстанды, Орта Азияны, Сібір мен Кавказдың бір бөлігін қамтыды. Стихиялы түрде басталды. Қозғаушы күштері қазақ жұмысшылары мен ауыл тұрғындары.

Көтеріліске шыққан халық бірінші кезекте отарлауға дейінгі мемлекеттік басқару жүйелерін қалпына келтірді:

Хандық Кеңес (20 адам)	Хан	Болыс
Хандық кеңеске әр болыстан бір өкіл, мыңбасы қатысты	Хандық	Болысты елбегілер басқарды
Қазына билеушілер	Алым-салық жинаушылар	Әскери жасак
Сот алқасы		

7. 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің аса ірі орталығы Жетісу мен Торғай болды.

Жетісу көтерілісшілерін болыс Бекболат Әшекеев, Токаш Бокин (Верный үйезі), Жәмеңке Мәмбетов, Ұзақ Саурықов (Қарқара) және басқалар басқарды.

Торғайда Орта жүздің биі Нияздың немересі Әбділғафар Жанбосынов хан етіп сайланды. Нияз бидің руласы, Иман батырдың немересі Амангелді сардарбегі болды.

8. 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс империализмге, отаршылдыққа қарсы сипатта болды.

Көтерілістің жеңіліс табуының ең басты себептері оның бытыраңқылығы, аймақ ауқымында ұйымшылдықтың жеткілікті болмауы.

Халық қозғалысы барысында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылып, ұлт-азаттық көтеріліске ұласты.

Тірек сызба



III деңгей

1. Ұлт-азаттық көтерілістің алғышарттарына сипаттама бер.
2. Күшті қарсылық көрсеткен көтеріліс ошақтарын атап, мысал келтіріндер.
3. Ұлт-азаттық көтерілістің жеңілу себептері мен зардаптарына сипаттама беріндер.

II деңгей

1. Жалпыхалықтық бас көтерулер әлсіз болған аймақты атап, себепін түсіндіріндер.
2. Көтерілісшілер мен жазалаушы отрядтардың күшін салыстыр.
3. Жазалау отрядының бағыттарын картадан көрсетіп, сипаттама беріндер.

I деңгей

1. Алаш зиялыларының «халықтың аман қалуы оның этникалық тұтастығын сақтау» идеясының орынды болғаны расталды ма?
Өз ойыңды дәлелде?
2. Отарлауға дейінгі дәстүрлі мемлекеттік басқару жүйесін отарлау кезіндегі басқару жүйесімен салыстырып пікіріңді айт.
3. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысының ұлт-азаттық соғысқа ұласқанын қандай фактілер дәлелдейді?

2-сабақ

а) «Аукцион» ойыны

1. Тақырып (оқиғалар, фактілер, олардың мерзімі) бойынша сынып оқушыларына арнап сұрақтар қойылады.

2. Ойынды жүргізу үшін гонг (немесе ағаш балғаша) қажет.

3. Аукцион барысы: сұрақтар қойылады, жауаптарға түсінік-теме беріп, бағалайды, жеңімпазды анықтайды.

4. Дұрыс жауаптары үшін неғұрлым көп фишка жинаған оқушы жеңімпаз болады.

Сұрақтар.

1. Верный кезіндегі көтерілісті кім басқарды?
2. Генерал Куропаткин Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болып қашан тағайындалды?
3. Торғай көтерілісінің сардарбегі кім?
4. Екібастұз бен Спасск мыс кеніштерінің жұмысшылары ереуілге қашан шықты?
5. Көтеріліс қандай аймақтарды қамтиды?
6. Патша өкіметі қандай тактиканы қолданды?
7. Көтерілістің негізгі қозғаушы күштері кімдер?
8. Орынбор-Ташкент темір жолының жұмысшылары ереуілге қашан шықты?
9. Қазақ зиялыларының үндеуі қандай еді?
10. Түркістан мен Дала өлкесінен қанша адам алу көзделді?
11. 1916 ж. қазақтар қанша га жерлерінен айырылды?
12. Торғай өлкесінде сайланған хан?
13. Көтерілістің жеңілу себебі неде?

б) «Мәтін бөліктері» ойыны.

Оқушылар мәтінді оқиды «гонг».

4 топқа бөлінеді: 1 – «кіріспе»; 2 – «негізгі ой»; 3 – «қорытынды»; 4 – «толықтыру».

Мәтін бөліктерін әңгімелеуді ретімен бастаймыз. «Толықтыру» тобы әрбір топтан кейін сөз алады. Ойыннан соң, мәтінді тағы бір қарап шығып, берілген ақпаратпен салыстырамыз, қай топтың нақтылап жауап бергенін анықтаймыз. Жүргізуші жеңімпаздарды құттықтайды.

3-сабақ.

а) «Не? Қайда? Қашан?»

1. Көтерілістің ірі орталықтарына сипаттама бер.
2. Ұлт-азаттық көтеріліс қай аймақтарды қамтыды?

3. Патша өкіметінің жазалаушы отрядтарына сипаттама бер.
4. Жетісудағы көтеріліске сипаттама бер.
5. Торғай көтерілісіне сипаттама бер.
6. Қазақ зиялылары қандай үндеу жазды?
7. Патша жарлығында қазақтарға қатысты не айтылды?
8. Көтерілістің жеңілу себептері неде?
9. Көтерілістің сипаты мен тарихи маңыздылығына сипаттама бер.

«Аукцион» ойынының 14 сұрағы+9=23 сұрақ.

б) «Мені түсін» ойыны.

1. Оқушылар мәтіннің бөлігін оқиды да, түйінді сөздерін дәптерлеріне жазып алады (Гонг).
2. Мұғалім оқушылардың кітаптарын жабуын, қолдарына парак пен қарандаш алып, осы мәтіннің негізгі мазмұнын ашатын 10 шакты сөз жазуларын талап етеді.
3. Соңынан мұғалім парақтарды жинап алып, өзі алдын-ала даярлаған түйінді сөздерімен салыстырады.
4. Кімнің осы түпнұсқасымен сәйкес келген сөздері көп болса, сол жеңімпаз деп танылады.

4-сабақ.

Тест.

1. Қай ғасырда Ресей патшалығы Шығысты отарлауды жедел қарқынмен жүргізе бастады?

- а) XX ғ. басы
- ә) XIX ғ.
- б) XVIII ғ.
- в) XVII ғ.

2. 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі себебі неде?

- а) Патша өкіметінің отарлық саясатының күшеюі
- ә) Әкімшілік реформаның күшпен енгізілуі
- б) Мал санының күрт төмендеуі
- в) Майдан жұмысына қазақтардың алынуы

3. 1907-1912 жж. Қазақстанға қанша адам қоныстанды?

- а) 2 млн 400 мың

- ә) 2 млн
- б) 2 млн 300 мың
- в) 2 млн 200 мың

4. «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп айтқан қазақтың көрнекті қайраткері кім?

- а) Т. Рысқұлов
- ә) М. Дулатов
- б) С. Сейфуллин
- в) А. Байтұрсынов

5. Дүниежүзілік соғыс ауыртпалығына байланысты Верныйда қашан толқу болды?

- а) 1916 ж. – маусым
- ә) 1914 ж. – ақпан
- б) 1916 ж. – қаңтар
- в) 1916 ж. – наурыз

6. 1916 ж. көтерілістің басталуына қандай оқиға түрткі болды?

- а) соғыстың ауыртпалығы
- ә) патшаның маусым жарлығы
- б) революцияның әсері
- в) қоныстандыру саясаты

7. 1916 жылға қарсы патша өкіметі қазақтардың қанша га. жерін тартып алды?

- а) 17 млн
- ә) 30 млн
- б) 32 млн га
- в) 40 млн га

8. 1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығында қазақтарға қатысты не айтылды?

а) Қазақтардан майданға ұрыс қимылына солдаттар алу туралы

ә) Майдан қажетіне байланысты қазақтардың салықты көп төлеуі туралы

б) Майданның қара жұмысына қазақтардан адам алынатындығы

в) Қазақтарды христиан дініне кіргізу туралы

9. Жарлыққа сәйкес патша өкіметі қандай тактика қолданды?

а) Халық арасында үгіт жүргізу

ә) «бөліп ал да, билей бер»

б) Жергілікті байлармен ымыраласу

в) Кедейлерді күштеп әскерге алу

10. Патша жарлығына сәйкес Дала өлкесінен, Түркістаннан қанша адамды қара жұмысқа алу көзделді?

а) 100 мың

ә) 200 мың

б) 500 мың

в) 1 млн

Сабакты тарихи сынақ хат арқылы қорытындылауға болады.

Тарихи сынақ хат.

«... ғасырдың бас кезінде Ресей азиялық Шығысты отарлауды күшейтті. 1907-1912 жылдардың өзінде еуропалық бөліктен... адам қоныстандырылды. 1916 жылы Қазақтар...ға. Шұрайлы жерден айырылды.

Жарлық бойынша қара жұмысқа ...-дан ...жасқа дейінгі ер адамдар алынды... мен ...500 мыңнан астам жігітті алу көзделді. Патша өкіметі «.....» деген тактикасын қолданды».

М. Арынов,
Қазақ тарихы № 4-2007 ж.

ТОПТЫҚ ЖҰМЫС АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

«Кемедегінің жаны бір» дегендей, еліміздің барлық ұстаздарының басты міндеті оқушыға білім беру екені шындық. Қазіргі ақпарат тасқынында мұғалім қанша күшті білім берсе де оқушы қабылдамауы мүмкін. Оқушылардың білімді тез қабылдауы үшін түрлі технологиялар мен әдістер қолданылады. Өзім тәжірибеден өткізген топтық жұмыс әдісінің нәтижесінде 7-сынып оқушыларының I тоқсандағы сапасы 56,2% болса, екінші тоқсанда 81,2%-ға көтерілді. Яғни дистограммаға салатын болсақ, бұл әдістің нәтиже бергенін көрсетеді. Енді, осы әдіс туралы бір сабақтың жоспарын ұсынайын.

Бұрын кеңестік дәстүрлі білім беру саласы 1-мұғалім, 2-оқулық, 3-оқушы жүйесімен жұмыс жасады. Ал қазіргі білім кеңістігінде 1-оқушы, 2-оқулық, 3-мұғалім жүйесімен жұмыс жасау заман талабы болып саналады. Осы кейінгі тәсілді қолданысқа енгіздім.

Ол үшін сыныпты екі топқа бөлдім. Бұл топтарда үлгеретін және үлгермейтін оқушылардың тең болуын қадағаладым. Сосын оқушыларға бұл әдіс туралы жалпы түсінік бердім. Яғни, бірінші топ келесі тақырыпты өзі түсіндіреді, өзі бұрынғы өткен тақырыптан сабақ сұрайды. Үй тапсырмасын сұрау үшін карточкалар, тестер, сұрақтар, т.б. дайындап әкеледі. Ал екінші топ сабақты тыңдайды, әрі үй тапсырмасын орындайды. Келесі сабақта екінші топ сабақ түсіндіреді, әрі сабақ сұрайды. Міне, осылайша екі топ ауысып отырады. Бұның артықшылығы бірнешеуі.

1. Сабаққа барлығы қатысады.
2. Әр сабақ сайын бағаланады.
3. Бір тақырыпты екі рет қайталап оқиды.

Оған дәлел түсіндірген топ тақырыпты түсіндіргенде бір оқыса, келесі жолы сол тақырыпты өздерінен сұрайды деп бір оқиды. Ал мұғалім сонда не істейді деген сұрақ туындауы

мүмкін. Мұғалім түсіндіруші топқа сабақты жоспарлауға көмек көрсетеді, сабақты басқарып, бақылайды, бағалайды, көрнекіліктер мен карталар туралы нұсқау береді, қиын сөздер, ұғымдар, терминдерге түсінік береді, яғни, анықтамалық қызметін атқарды. Яғни, бұл тәсіл арқылы оқушылар өздігімен оқуға дағдыланады. Бірінші кезекте оқушы тұрады, ол ізденеді, белсенді қызмет атқарады, екінші оқулық тұрады, яғни оқушы оқулықты өзі ізденіп оқиды, үшінші кезекте мұғалім тұрады, яғни мұғалім анықтамалық қызмет атқарады.

Осы топтық жұмыс сабақ жоспарының үлгісі:

Тақырыбы: Моңғолдардың Қазақстан жерін жаулап алуы.

Сабақтың мақсаты.

Білімділік: Моңғол мемлекетінің құрылуы, дамуы, мемлекеттің қоғамдық құрылысы, пайдаланған заңдары, Қазақстанды жаулап алуы, жаулаушылықтан келген зардаптары, ұлыстардың құрылуы туралы мағлұматтарды қалыптастыру.

Тәрбиелік: Оқушыларды мейірімділікке, тәртіптілікке тәрбиелеу, тұлғалық дамудың басты негіздерін оқушы санасына құю, тақырыптағы деректер арқылы тәрбиелі ұрпақ қалыптастыруға күш салу.

Дамытушылық: тақырыпты оқушылардың өздеріне беру арқылы өз бетімен шығармашылықпен жұмыс жасауын қалыптастыра отырып қорытынды жасауға дағдыландыру.

Базалық ұғым: Моңғол мемлекеттілігі, оның қазақ жеріндегі шапқыншылық зардаптарын ашып көрсету.

Түрі: дәстүрлі емес сабақ.

Әдісі: топпен жұмыс.

Көрнекіліктер: Дүние жүзінің саяси картасы, XIII ғасырдағы Қазақстан картасы. Суреттер “Шыңғыс хан”, Т. Тілеужанов “Отырар шайқасы”, “Жошы хан мазары”.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру сәті (1 минут)
2. Сабақ түсіндіру (18 минут)
3. Бекітіп, қорыту (3 минут)
4. Сабақ сұрау (19 минут)
5. Бағалау (4 минут)

Оқушылар екі топқа бөлінген. I топта 8 оқушы, II топта 9 оқушы бар. **Сабақ жоспары:**

Ұйымдастыру сәтінде I топ жетекшісінің есебі тыңдалады.

I топ жетекшісі (Асанова А.)

II топ жетекшісі (Әбдіқадырова Қ.)

I топ жетекшісі. «Моңғол империясының құрылуы» туралы баяндайды (3 минут). Мұғалім Моңғол мемлекетінің орналасқан жерін картадан көрсетеді.

2-оқушы. «Моңғол империясының қоғамдық құрылысы» жөнінде түсінік береді (3 минут).

3-оқушы. «Моңғолдардың Қазақстанды жаулап алуы» туралы түсіндіреді (3 минут).

4-оқушы. «Жаулап алу зардаптары» туралы түсінік береді (3 минут).

5-оқушы. «Ұлыстардың құрылуы» туралы түсінік береді (3 минут).

Мұғалім тақырыптағы «кешіктене», «ноян», «құрылтай», «жасак», «хажиб», «ұлыс», «этника» сөздерін дәптерлеріне жаздыртып, түсінік береді. Суреттерді көрсетеді. Күрделі ұғымдарды түсіндіреді. Сабақты бекітіп, қорытады (6 минут). Келесі кезекте I топ арнайы дайындап әкелген карточкалық сұрақтар II топ оқушыларына таратылып беріледі. Карточкаларда 10 сұрақтан. Әр сұраққа 1,5 минут беріледі. Сұрақтар алдыңғы өтілген «Ғылым мен білімнің дамуы» тақырыбынан қойылады (15 минут).

Бағалау: қалған 18 минутта I топ оқушыларды II топтың жазған жауаптарын мұғаліммен бірге тексереді. Мұғалім жұмыс нәтижесі бойынша бірінші әуелі II топты бағалайды. Содан кейін I топты бағалайды.

Үйге тапсырма: 21-ші тақырыпты оқып келу. Екінші топқа келесі сабақ жоспарын таныстыру. Оқушыларға білімін тереңдету мақсатында қосымша әдебиет ретінде I. Есенберлиннің «Алтын Орда» трилогиясын оқуға ұсынылады (беттері көрсетіледі).

ИНТЕРАКТИВТІ САБАҚ

Сабақтың тақырыбы: XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ халқының өнері мен музыкасы.

Сабақтың мақсаты:

а) XIX ғ. II жартысындағы мәдениетті дайындауға үлес қосқан Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Ақан сері, Жаяу Мұса, Ықылас, Біржан туындыларымен таныстыру, сурет өнерінде қазақ тақырыбына сурет салған суретшілер мен қазақтың қолданбалы өнері туралы ақпаратты меңгеру;

ә) логикалық ойлау, шешім қабылдау, қорытынды жасау, өз бетінше және топпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту;

б) толеранттылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: дәстүрден тыс.

Сабақтың көрнекілігі: сызбалар.

Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті.

Пайдаланған қайнар көздер: Құрманғазы. Жинақ. – Алматы, 1998.

Қажетті құралдар: ватман – 4 дана, маркер – 5 дана, скотч, қайшы.

Сабақтың барысы:

Келісім.

Жеке қағазға мұғалім мен оқушылардың міндеттері жазылады. Осы міндеттерді орындайтындығы туралы тараптар қол қояды.

I. Миға шабуыл.

Сол жақтағы сөздердің мағынасы оқушылардан ауызша сұралады. Әр оқушының ойы тақтаға жазылады.

II. Шырмалауды оқу.

Оқушылар топқа бөлінеді. Әр топқа екі, үш немесе төрт оқушыдан отырады. Бір топтағы оқушы деңгейлері бірыңғай

болғандығы тиімді (егер әр түрлі деңгейі жоғары оқушыдан көшіре салады). Әр топқа бөліп, сызба таратылады (1-сызба – сурет өнері, 2-сызба – Жаяу Мұса, 3-сызба – Ақан Сері, 4-сызба – Ықылас Дүкенұлы).

Әр топ берілген уақыт ішінде сызбаларды өз бетінше түсіндіруі керек.

III. Аделиада. Жобалау техникасы.

Үш топ құрып, әр топқа бір-бірден мәтіндер таратылады. Әр топ өзіне берілген мәтіннің сызбасын ватманға сызып, қорғайды.

Екі оқушының біреуі «прокурордың», екіншісі «адвокаттың» рөлін ойнап, әр топтың сызбаларына баға береді.

IV. Медиациялық ойын «Ғылым».

Оқушылар 4-топқа бөлінеді. Құрманғазының туған жылы туралы әр түрлі мәліметтер келтірілген үзінділерді салыстыра отырып, әр топ белгілі бір шешімге келу арқылы Құрманғазының туған жылын табуы шарт.

V. Ойлау стратегиясын дамыту.

Берілген тұжырымдардың ішіндегі осы сабаққа қатысты қате тұжырымдарды табуы тиіс.

VI. Бағалау.

Үй тапсырмасын беру.

Форс-мажор.

Ескерту: жобалау техникасы, аделиада, шырмалауды оқу, медиациялық ойын мен ойлау стратегиясын дамытуға қатысты материалдардың үлгісін кесте түрінде ұсынып отырмыз.

ШЫРМАЛАУДЫ ОҚУ МАТЕРИАЛЫ

Ықылас Дүкенұлы
1843-191

Күйші
Кобызшы

Әкесі

Аңыз
Әнгімелер
Патша
Шенеуіктерін
Сынау

Алғаш
Кобыз
Үйретуші
Қолдаушы

«Ықыластың күйі», «Қоңыр күйі»,
«Жарым патша», «Қорқыт»

Ақан Сері (Ақжігіт) Қорамсаұлы
1843-1913

Акын
Сазгер
Күйші

Көкшетау
Үлкен Қоскөл
қарапайым
шаруа
отбасында
дүниеге
келген

Өнері
Мінезі
Ел аралау

Балуан,
Шолақ,
Жаяу Мұса,
Естай

«Құлагер», «Шоғырмаққа», «Сұрағанға», «Сымағұлға»,
«Маңмаңкер», «Сырымбет», «Балқадиха»

Музыка мәдениетінде ерекше орын алады

Жаяу Мұса Байжанұлы
1835-1929

Сазгер
әнші

Уәлиханов
Абай

Баянауыл
Жасыбай
көлі

Тайжанның
гәрбиесінде
арабша

Кедей
отбасында
дүниеге
келген

Сауатын
аштыру

ән

1851,
Петропавл

1852,
Омбы

Ресей мерзімді
басылымдары

Алтынсарин
«Кел, балалар
оқылық!»

Орысша оқу,
жазу,
гармонь,
скрипка

кітапхана

әлеуметтік
көзқарас

Сурет өнері

Верещагин	Экспедициялар	Хлудов
«Лепсі өлкесін қоршаған таулар»	Смирнов Федченко Кошарова	«Көш», «Мал айдау», «Отынға бару»
Табиғат сұлулығы	Жергілікті халық өмірі	Тұрмыс
Әйел адам	Еңбек бөлінісі	Ер адам
Жүн түту, жіп иіру, алаша тоқу, киіз басу, кестелеу	Қолданбалы өнер	Тері, күміс былғарыдан бұйымдар
Ағаш ою, сүйекті өндеу	Тұрмыс, мал шаруашылығы бұйымдарын өндеу	Зергерлік
1896, Петропавл, Көкшетау	1868, Париж	1872, Мәскеу
Көрме	Дүние жүзілік көрме	Қазақ музыка аспаптары көрмесі

ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ

Ізденіс сабағы.

Сабақтың мақсаты.

Білімділік. Желтоқсан оқиғасы кезіндегі кеңестік тоталитарлық жүйенің саясатына қарсы халық наразылығын, оқиға кезіндегі тағдырлары тәлекке түскен қазақ жастарының ерлігін, қаһармандықтарын түсіндіру.

Тәрбиелік. Отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Дамытушылық. Қосымша тарихи материалдарды пайдалану арқылы оқушыларды өздігінен іздендіруге, білімін шыңдауға үйрену.

Сабақ түрі: Ізденіс

Әдісі: Ұжыммен жұмыс

Көрнекілігі: Қазақстан картасы, схема, плакат.

I. Ұйымдастыру, оқушымен сәлемдесу, тексеру.

II. Үй жұмысын пысықтау

III. Жаңа сабақ. Жоспары

1. Ізденіс

2. Ой толғау

3. Зерттеу

4. Пікірталас

5. Дәптермен жұмыс

6. Венн диаграмасы


7. Үйге тапсырма

I. Ізденіс. Желтоқсан оқиғасына қатысқан Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, жерлесіміз шыңғожалық Н. Сабияновтың мына өлеңіне назар аударсандар.


Көкке шапшып көңілдің арғымағы,
Көкжал толқын көпіршік жарға ұрады.
Көкала мұз Алаңды көрген сайын,
Көз алдымда желтоқсан жанғырады.

Желтоқсан оқиғасы туралы өз пікірлерін топ басшылары ортаға салады /2 оқушы/.

Мұғалімнің сөзі. Иә, балалар, қызыл империяның түндігін түріп, азаттықты аңсаған желтоқсан оқиғасына биыл 21 жыл толғалы отыр. Сонда ұлт болашағы үшін жанын пайда еткен, қажыр-қайрат көрсеткен қазақтың өрімдей жастары еді. Сол кездегі қазақ жастарының армандаған азаттық сөзін қалай түсіндірер едіңдер?



III. Зерттеу: схема



2-топқа тапсырма. Ұлт-азаттық аңсаған қандай көтерілістерді білесіңдер?

3-топқа тапсырма. Тәуелсіздік туралы не айтар едіңдер?

VI. Пікірталас.

1. Желтоқсан оқиға ма, әлде көтеріліс пе?

2. Көтерілістің шығуына елді басқаруға басқа елден келген адам себеп болды ма?

3. Көтеріліске қатысқандарды “ұлтшыл” деп айтар ма едің? Өз пікіріңді дәлелде?

V. Дәптермен жұмыс

1. 17 желтоқсан “демократиялық жаңару күні” деп жарияланды.

2.1996 жылы 9 желтоқсанда желтоқсан құрбаны Қ. Рысқұлбеков “Халық қаһарманы” атағы берілді.

3. 1990 жылы 9 желтоқсанда Республика алаңында желтоқсан оқиғасына қатыскандарды еске алу мақсатында ескерткіш ашылды.

4. “Тәуелсіздік таңы” монументі Ананың бейнесі қойылды. Сәулетші Тимур Сүлейменов жасаған.

5. Желтоқсан оқиғасына арналған “Аллажар” киносы шықты.



VI. Білімдерін бағалау

VII. Үйге тапсырма: Мақаншылық желтоқсаншылар: Қ. Рахметов, Ж. Берікболов, Б. Қожағұлова, Ш. Бүркітбаев, т.б. туралы мәліметтер жинау.

**Ф. Әлиакпарова,
Қазақ тарихы № 5 – 2007 ж.**

МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕСІН ОҚЫТҚАНДА

Конференция сабағы.

Тақырыбы: Мәдениет – адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі.

Мақсаты:

Білімділік: Мәдениет – жеке адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі. Адамның өмір сүрген ортамен қарым-қатынасы нәтижесінде қалыптасатын ерекше құбылыс екендігін түсіндіру.

Тәрбиелік: Өркениеттің мәдениетті адамдарын қалыптастыру.

Дамыту: Қоғамдағы рөлдерін шыңдау. Ойлау мәдениеттерін дамыту.

Сабақтың түрі: конференция сабағы.

Сабақтың көрнекілігі: а) Плакатка жазылған сөздер

1) ҚРК 19-бап: «Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар».

2) ҚРК 37-бап: «Қазақстан Республикасының азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға міндетті».

3) Құранның 103 «Кеш» сүресі: «Ей адамдар. Тегінде атасы баласына сүйеу бола алмайтын, баласы да атасына көмектесе алмайтын күн болатыннан сақтаңыздар».

4) Абайдың 19-қара сөзі: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса, айында өзіңнен-өзің есеп ал! Сол алдағы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге ... не дүниеге жарамды күнінді өзің өкінбестей өткізгенінді өзің де білмей қалыпсың!...»

5) Тірек-сызық схемалары

6) Венн диаграммасы

7) Салауатты өмір салтына байланысты салынған суреттер

Ұстаз кіріспесі.

Қоғам – адамзат ұрпақтарының үздіксіз алмасуының процесінде ғана өмір сүре алады. Өзінді қоғамның біртұтас бөлшегімін деп сезіну өлім (жеке адамның) және мәңгілік (бүкіл адамзаттың) мәселелерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Адам мәңгілік болмағанымен, мәңгілік өмір жалғасының бір бөлшегі болып табылады. Бұл – оптимистік көзқарас, адам өзі өлсе де, ұрпақтарының өмірімен, артына қалдырған мұраларымен, жасаған ерліктерімен қоғамның бір бөлшегі ретінде мәңгі тірі

болып қала береді. Сондықтан адамдар барлық қабілет, мүмкіндіктерін жан-жақты дамытып отыруы керек. Осы жерде адам тек қоғам арқылы ғана өмірінің мақсатына жетеді деген ой жатыр. Адамдарға қажетті өзінің керектігін сезіну, ортақ іске қосқан үлесінің бағалануы. Сондай-ақ қоғам адамдарды біріктіреді. Осы қоғамда өмір сүрген адамның жағдайының сол өзгерістерге тәуелділігі арасында адам өмір сүруін жалғастырады.

Қоғамның негізгі өрістері


Қоғам	
Саяси өмір	Рухани өріс
Әлеуметтік өріс	
Экономикалық өріс	

Қоғамның болашағы осы өрістердің негізінде жасалады. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Онда табиғат алдында үлкен тәуелділікте қалады. Оның әлеуметтік, саяси, рухани қанағаттану мүмкіндігі күрт таралып (қатынаста, өнерде, т.б.), еркіндігі кемиді, болашағы жоғалады. Қоғамның мұндай өрістерін басынан кешірген адам қоғамда өмір сүре алмайды. Қоғамды өмірлік, мәңгілік болашаққа айналдырудың басты шарты – еңбек, демократиялық ой-сана.

Иә, бүгінгі біздердің өмір сүруімізде үлкен өзгерістер болуда. Көбінің рухани дүниесі күйзеліске ұшырауда, осы тұста мәдениетке деген көзқарасты жаңарту – бүгінгі күндегі жаңа міндет. Саналы ұрпақ өрбімейінше, елдің мәдени құндылығы артпайды.

Ендеше біздің бүгінгі «Мәдениет адамның өмір сүру мақсаты мен құндылық жүйесі» атты қорытындылау сабағының басты мақсаты сендердің қоғамдағы ой-пікірлеріңізді таразылап, бағыттарына жаңа серпіліс, мәдениет тақырыбын меңгерудегі, ғылыми ізденудегі шеберліктеріңді ортаға салып, білім нәрін алу. Өйткені, сендер – ертеңгі қоғамның белсенді мүшесіңдер!

Оқушылар үстелге дөңгеленіп отырады.



– дөңгелек үстел

– репортер. «Оқиға болған жерден»
деген тақырыппен бақылау жасайды.

Сабақтың жоспары

I. Өзіңді-өзің байқап көр. Қазақ қандай ел?

Кеше. Бүгін. Болашақта.

(Үй тапсырмасы бойынша зерттеу жұмыстарының нәтижесі)

II. Адамгершілік пен мәдениетті танудағы пікірталас шындықтың анасы.

А) Тірек-сызық схемаларын шешу

Ә) Ой-таным сұрақтары

III. Көңіл аудар даналардың сөзіне, адал жанды өнеге тұт өзіне!

(Венн диаграммасын шешу)

IV. «Телекөпір» (Оқушылар ақын, әнші, архитектор, парла-
мент депутаты, мұғалім, дәрігер, спортшы, молда-қажы, оқу-
шы болып отырады). Репортер олармен мәдениеттің дамуында
кездесіп отырған кемшіліктер мен жетістіктерге өз рөлдерінің
тұрғысынан жауап береді.

V. Қорытынды.

Сабақтың барысы.

I. Жоспардың I мәселесі бойынша үй тапсырмасын сұ-
рау.

Қазақ қандай ел?	Жетістігі	әлеуметтік
	Кемшілігі	экономикалық
		саяси

II. Тірек-сызық схемасы (таным шеберліктерін байқау)

А) 1. Қоршаған орта



мәдениет-адамның
өмір сүрген ортасымен
қарым-қатынасы нәтижесінде
қалыптасады

Адам

2. Әкімшілдік-әміршілдік жүйе

КСРО тұсында

Мәдени ескерткіштер

3. Мәдениет



Ә) Ой-таным сұрақтары

1) Мәдениет пен адамгершілікті бөліп қарауға бола ма?

Жоқ. Екеуі тығыз байланысты, адамгершіліксіз мәдениет қалыптаспайды.

2) Адамдағы ізгі қасиеттер: төзімділік, ақыл-ой, білім, мейрімділік.

3) Адамның өзгертіп ала-алмайтын қасиеті: кәрілік, мінез, өлім!

4) Адамды қор қылатын нәрсе: менмендік, екіжүзділік, мақтаншақтық, көрсеқызарлық.

5) Кімдерден жақсылық жоқ?

Ойсыз дастан, мырзалығы жоқ бардан, саулығы жоқ өмірден.

6) Қандай адам мәдениетсіз?


Ойы қуыс, сана-сезімі саяз, көргенсіз, тәрбиесіз.

7) Адамға жарасатын қылық:

Адалдық, еңбекқорлық, өнер іздеушілік.

8) Өз құрбыларының арасында қылығына, адамгершілігінен үлгі алар азаматтар бар ма?

III. Венн диаграммасын толтыру:



Бұл диаграмманы математикамен де байланыстыруға болады (екі жиын, екі жиынның қиылысуы оның ұқсастығына кіреді).

IV. «Телекөпір» 1. Оқушылардың өздерінің таңдап алған мамандықтары бойынша рухани мәдениеттің дамуындағы тіршілікке тоқталады (мәні, мағынасы, талғамы).

2. Тақырыпты ашу.

3. Оқушылардың ойын жинақтай келе, ой серпілістерін музыкамен ұштастыру.

4. Репортердің қорытынды сөзі.

У. Қорытынды.

Міне, XX ғ. бітіп, XXI ғасырда өмір сүріп жатқан елміз, біздің болашағымыз – XXI ғасыр.

Ендеше ағылшынның ұлы ғалымы Томас Хакслидің мына сөзіне назар аударайық: «Қол жеткізе алатын қабілеттерінің ішіндегі ең құндылары:

1. Істелуге тиіс нәрсені істеуге;

2. Қашан істелуі қажет болса, дәл сол мезетте істеуге;

3. Саған ұнайтын, ұнамайтынына қарамастан істеуге өзінді-өзің көндіру. Қалған ғұмырыңды істелуге тиіс дүниелеріңе арнасаң, табыс өздігінен келеді».

Енді осы қағиданың мағынасын тереңірек түсіну үшін мына схемаға назар аударайық:

А – алғашқы
 Қ – құлиеленушілік
 Ф – феодалдық
 К – капиталистік
 С – социалистік
 И – информациялық

Оң ісі протонды	Адамның Теріс ісі электронды
Бай қуатты адам	Қуатсыз адам
Қоғамсыз қорғаушы күштері (әлеуметшілер ғалымдар, діншілдер, сурет- шілер, т.б.)	пайдасыздар (ойсыздар жігерсіздер, талапсыздар, т.б.)

Бұл схема арқылы жеке адамның күнделікті өмірде қоғаммен жекеленген, табиғатпен, аспан денелерімен байланысқа түсетіні және бұл әрекетте физикалық заңдылықтардың әсері жайлы әңгімелеу. Адамның үздіксіз еңбегі арқылы информациялық дәуірге жетіп отырғанымызды айту. Ендеше қоршаған ортаға оң әсер ету үшін адамдар бойында парасаттылық болу керек. Физикалық құбылыстардағы оң және теріс зарядтар тәрізді адамдардың күнделікті әрекетінде де оң және теріс істердің болатындығын айту.

Абайдың «Адам және заман туралы» кара сөзінде былай айтылған:

Заман ортақ

Білім мен білігін Жұмсап заманды Билеушілер	Басында еркі жоқ суға аққан қаңбақтай беті ауған жаққа Кетушілер
Заманды алға сүйреушілер	ақыл-пара- заманды артқа сатқа жүгіну- сүйреушілер шілер

Ешкім де заманнан тыс болмайды. Бұлардың арасында майдандасқан күрес бітпейді. Абайдың тағы бір 6-шы қара сөзінде адам бойындағы жан қуаты жайлы былай айтылған:

Жан қуаты		Тән қуаты	
Қ өнер		Д	Қ
А	А	Ә	А
Й	Қ	У	Й
Р білім	Ы	Л	Р
А	Л	Е	А
Т ғылым	Т	Т	

Бұдан біз адам бойындағы қуатты дұрыс пайдаланған жағдайда ғана рухани жағымыз жан-жақты өркендеу жолында болатынын көріп отырмыз.

Сондықтан біз ХХІ ғасырға сақадай сай болуымыз керек. Сендердің алдарында сәл ғана уақыттан соң өмір сахнасына жол жатыр, оның соқпақты, соқпақсыз жолдарын кездестіресіңдер, тек ақыл-оймен әр нәрсені шеше біліңдер демекпін.

Сүлеймен Пайғамбардың мына тұжырымы әрқашан естерінде жүрсін:

1. Үнемі жылы да жұмсақ жауап бер!
2. Ешқашан да жүрек жаралайтын қатқыл сөз айтпа!
3. Қызбаланба!
4. Ашулансаң да, ақылыңды жоғалтпа!

Осыдан кейін «салауатты өмір салтына» байланысты салынған суретті пайдаланып, ойларын айтқызып, сабақты қорыту.

ОҚУШЫЛАРДЫ ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларға өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру.

Баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуы, өзіндік көз-қарасының қалыптасуы мен ой-өрісінің кеңеюі мектеп қабырғасынан қаланады.

Еліміздің білім беру жүйесін дамытудағы соңғы жылдардағы оң өзгеріс білім берудің ұлттық бірыңғай тестілеу моделінің қолданылуы.

Ұлттық бірыңғай тестілеу – жалпы орта білім беру ұйымдарында оқушыларды қорытынды аттесттаудың бір түрі. ҰБТ – білім беру ұйымдарының объективті бағалау, оқушылардың жалпы орта білім алуындағы жоғары нәтижелеріне талпынысын ұйымдастыру.

Бүгінде тарихты оқытудағы басты мақсат дүниежүзілік дамуында адамзаттың орны ерекше екендігін, ол жасаған бүкіл әлемдік құндылықтарды білетін, оларды өз Отаны – Қазақстанның дамуы үшін пайдалануға ынталы, жан-жақты жетілген, өзінің тарихи тамырларын, қоғамдағы орнын түсінетін белсенді азаматтарды қалыптастыру. Ал, бұл міндеттің орындалуында Ұлттық Бірыңғай тестілеу сынағына оқушыларды жан-жақты дайындау үлкен рөл атқаратыны айқын.

Қазақстан тарихы аса күрделі, қайшылығы мол, есте сақтауға қиын соғатын пәндердің бірі. Оқушылардың ҰБТ тапсырған кезде хронология, мәдени қоныстар, айлардан қателіктер жіберіп жататыны белгілі. Кейбіреулерде теріс түсінік қалыптасқан: пәнді тест тапсырған кезде жаттап алсаң болды деген, бірақ ҰБТ тапсырған кезде ана жауап та дұрыс, мына жауап та

дұрыс келетін сияқты көрініп шатасып жататындар қаншама. Мен өзге мектеп ұстаздарымен тест тапсырмаларымен жұмыс істеген кезде қолданатын іс-тәжірибеммен бөліссем деп едім.

Менің мақсатым оқушыларға тесті жаттату емес, сол тарихи оқиғаны толық меңгерту. Сол параграфты қысқаша дүниежүзі тарихымен байланыстыра отырып, қызықты етіп баяндау. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оята отырып, сол тақырыпқа байланысты өздеріне тест құрастырту.

– Оқушының пәнге деген қызығушылығын туғызып, тарих әлеміне кіргізу;

– Оқушының сабақ үрдісінде жаңа білімді меңгеруіне көңіл бөлу;

– Тест сұрақтарын тексергенде және жаңа сабақты бекітуде қолданамын;

Оқушыларды тестпен жұмыс істеуге үйрету – мұғалімнің ең басты міндеті.

Енді осы әдіс-тәсілдерге тоқталсам:

1. Жабық тест.
2. Ашық тест.
3. Хронологиялық тапсырмалар.
4. Сызба-нұсқа, кестемен жұмыс.
5. Картамен жұмыс.
6. Электронды оқулықпен жұмыс.
7. Бұл кім?
8. Қатемен жұмыс.
9. Тарихи терминдермен жұмыс.
10. Сәйкестендіру тесті.
11. Кім не жазған?

Менің осы жылдар ішінде байқағаным 8-сынып материалдарының тест сұрақтарында басымырақ келетіндігі. Соның ішінде оқушылар XIX ғасырдағы патша үкіметінің отаршылдық реформаларынан көп қате жібереді. Оны жаттап алғаннан гөрі мағынасын түсіну керек деп ойлаймын. Сондықтан мен осыған тоқталсам деп отырмын.


Отаршылдық реформалар.

А) Мақсаты:

«Сібір қырғыздарының жарғысы» 1822 жыл.

- Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірінде әкімшілік, сот және саяси басқаруды өзгерту.
- Рулық-феодалдық тәртіптерді әлсірету.
- Орта жүздегі хандық билікті жою.

Б) Әкімшілік басқару.



В) Картамен жұмыс.

Г) Бекіту. Тестпен жұмыс.

1. «Сібір қырғыздарының жарғысының» авторы.

А. Г.С. Батеньков

В. П.К. Эссен

С. М.М. Сперанский

Д. Г.Н. Потанин

Е. Г.Ф. Миллер

2. «Сібір қырғыздарының жарғысы» қай жылы қабылданды?

А. 1824 ж.

В. 1823 ж.

С. 1825 ж.

Д. 1821 ж.

Е. 1822 ж.

3. Жарғының мақсаты

А. Әкімшілік, сот, саяси жағынан басқаруды өзгерту

В. Білім беру саласын көтеру

С. Жер мәселесіне өзгерту

Д. Денсаулық саласын қамтыды

Е. Әлеуметтік саладағы өзгерістер

4. 1822 жылғы жарғы бойынша орта жүз әкімшілік жағынан қалай бөлінді?

А. Облыс, губерния, ауыл

В. Ауыл, болыс, округ

С. Облыс, уез, округ

Д. Округ, болыс, ауыл

Е. Қала, болыс, ауыл

5. 1822 жылғы жарғы бойынша қанша сатылы басқару жүйесі енгізілді?

А. 2

В. 3

С. 4

Д. 5

Е. 6

6. Жарғы бойынша сөз жүзінде округті билеу кімге берілді?

- A. Ауыл старшынына
- B. Болыс сұлтанына
- C. Ақсақалға
- D. Аға сұлтанға
- E. Уез бастығына

7. Аға сұлтанға берілген шен.

- A. Майор
- B. Капитан
- C. Дворян
- D. Старшын
- E. Болыс

8. Он жылдан кейін аға сұлтанға берілген атақ.

- A. Капитан
- B. Дворян
- C. Старшын
- D. Болыс сұлтаны
- E. Майор

9. 1822 ж «Сібір кыргыздарының жарғысы» бойынша ауыл қанша шаңырақтан тұрды?

- A. 20-30
- B. 30-40
- C. 40-50
- D. 50-60
- E. 50-70

10. Болыс неше ауылдан құрылды?

- A. 10-12
- B. 10-8
- C. 8-6
- D. 6-4
- E. 4-2

11. Жарғы бойынша округ қанша болыстан құрылды?

- A. 10-12
- B. 12-15
- C. 15-20
- D. 20-25
- E. 25-30

12. Аға сұлтан қанша жылға сайланды?

- A. 3 жылға
- B. 5 жылға
- C. 7 жылға
- D. 9 жылға
- E. өмірлік

13. 1822 жылғы Ереже бойынша болыстық сұлтан билігі.

- A. Сайлау арқылы берілді
- B. Мұрагерлікпен берілді
- C. 3 жылға сайланды
- D. Халық сайлады
- E. Генерал-губернатор тағайындады

14. «Сібір қырғыздарының жарғысын» жасауға қатысқан болашақ желтоқсаншы.

- A. Г.С. Батеньков
- B. П.К. Эссен
- C. М.И. Муравьев-Апостол
- D. С.И. Семенов
- E. К.А. Карелин

15. 1822 жылғы Ереже бойынша Орта жүз территориясы қай генерал-губернаторлыққа кірді?

- A. Орынбор генерал-губернаторлығы
- B. Дала генерал-губернаторлығы
- C. Батыс Сібір генерал-губернаторлығы
- D. Түркістан генерал-губернаторлығы
- E. Астрахань генерал-губернаторлығы

А) Мақсаты:

«Орынбор қырғыздарының жарғысы» 1824 ж.

- Кіші жүзде хандық билікті жою.

Ә) Жасалуы

«Орынбор қырғыздарының жарғысы»

- Авторы – Орынбор генерал-губернаторы П.К. Эссен.

Б. Әкімшілік басқару



В) Картамен жұмыс

Г) Бекіту. Тестпен жұмыс

1. Кіші жүзде хандық билік қашан жойылды?

- A. 1822 ж.
- B. 1823 ж.
- C. 1824 ж.
- D. 1825 ж.
- E. 1826 ж.

2. «Орынбор қырғыздарының жарғысын» дайындаған кім?

- A. П.К. Эссен
- B. М.М. Сперанский
- C. Г.С. Батеньков
- D. Г.С. Карелин
- E. М.И. Мюллер

3. «Орынбор қырғыздарының жарғысы» бойынша әкімшілік жүйе қалай бөлінді?

- A. Ауыл, болыс, губерния
- B. Бөлік, дистанция, ауыл
- C. Облыс, болыс, ауыл
- D. Ауыл, болыс, округ
- E. Облыс, уез, болыс.

4. Бөліктерді кім басқарды?

- A. Ру шонжарлары
- B. Аға сұлтан
- C. Сұлтан
- D. Болыс
- E. Әскери губернатор

5. 1850 жылы Кіші жүз жерінде дистанциялар саны қаншаға жетті?

- A. 27
- B. 37
- C. 47
- D. 57
- E. 67

6. Дистанцияны кім басқарды?

- A. Ру шонжарлары
- B. Аға сұлтан
- C. Больш сұлтаны
- D. Сұлтан
- E. Ауыл старшыны

A) Мақсаты:

«Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы Ереже» 1867 ж. 11 шілде


- Патша әкімшілігінің басқару жүйесін енгізу
«Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Ереже» 1868 ж. 21 қазан.
- Патша әкімшілігінің басқару жүйесін енгізу

Ә) Жасалуы

«Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы Ереже»

- 1865 жылы Ішкі істер министрлігі кенесінің мүшесі Гирс Дала комиссиясы құрылды.
- 1865 жылы 5 маусымда II Александрдың қазақ өлкесін зерттеу туралы бұйрығы шықты.
«Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Ереже»
- Әкімшілік басқару жүйесін құру ісіне Ш. Уәлиханов өз пікірлерін ұсынды.
- Халықтың өзін-өзі басқаруын енгізу.
- Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер енгізу.
- Ш. Уәлиханов пікірі қабылданбады.

Б) Әкімшілік басқару



- 5 сатылы басқару жүйесі енгізілді.
- 1870 жылы Маңғыстау приставтығы Кавказ әскери округіне, кейін Закаспий облысына енгізілді.
- 1872 жылы Бөкей хандығы Астрахань губерниясына бағындырылды.
- Түркістан генерал-губернаторлығына Қытай, Иранмен дипломатиялық келіссөз жүргізуге рұқсат берілді.

- Сырдарияда полициялық және басқару билігі ақсақалдарға берілді.

- Генерал-губернатор барлық әскери және азаматтық билікті өз қолына алды.

В) Картамен жұмыс.

Г) Бекіту. Тестпен жұмыс.

1. И.И. Бутков құрған комиссия бойынша қазақ даласы қандай облыстарға бөлінді?

А. Оңтүстік пен солтүстік

В. Батыс пен шығыс

С. Оңтүстік пен батыс

Д. Солтүстік пен шығыс

Е. Солтүстік пен батыс

2. Гирс басқарған «Дала комиссиясы» қашан құрылды?

А. 1860 ж.

В. 1861 ж.

С. 1862 ж.

Д. 1863 ж.

Е. 1865 ж.

3. 1865 жылы 5 маусымда қазақ өлкесін зерттеп білу туралы қай патшаның бұйрығы шықты?

А. I Александр

В. II Александр

С. I Николай

Д. Павел

Е. II Екатерина

4. 1867-1868 жылдардағы Уақытша Ережеге өз пікірін ұсынған қазақтың қай ғалымы?

А. Ә. Марғұлан

В. Е. Бекмаханов

С. Ш. Уәлиханов

Д. Ы. Алтынсарин

Е. Қ. Сәтбаев

5. «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы Ереже» қай жылы бекітілді?

- A. 1865 ж. 11 шілде
- B. 1866 ж. 11 шілде
- C. 1866 ж. 11 шілде
- D. 1867 ж. 11 шілде
- E. 1868 ж. 11 шілде

6. «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Ереже» қай жылы бекітілді?

- A. 1865 ж. 21 қазан
- B. 1866 ж. 21 қазан
- C. 1867 ж. 21 қазан
- D. 1868 ж. 21 қазан
- E. 1869 ж. 21 қазан

7. XIX ғасырдың 60-жылдарында «Уақытша Ереже» бойынша шаңырақ салығының мөлшері.

- A. 1 сомнан 3 сомға дейін
- B. 3 сомнан 5 сомға дейін
- C. 5 сомнан 7 сомға дейін
- D. 7 сомнан 9 сомға дейін
- E. 9 сомнан 10 сомға дейін

8. 1867-1868 жж. реформа бойынша әскери-азаматтық билік шоғырланды.

- A. Әскери губернатордың
- B. Генерал-губернатордың
- C. Болыс сұлтанының
- D. Аға сұлтанның
- E. Ауыл старшынының

9. 1867-1868 жж. реформа бойынша қазақ жері неше генерал-губернаторға бөлінді?

- A. 2
- B. 3
- C. 4

Д. 5

Е. 6

10. 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша қазақ жері үш генерал-губернаторлыққа бөлінді?

А. Түркістан, Орынбор, Батыс Сібір

В. Түркістан, Астрахань, Орынбор

С. Орынбор, Батыс Сібір, Орал

Д. Батыс Сібір, Орынбор, Орал

Е. Түркістан, Орал, Батыс Сібір

11. 1867-1868 жылдардағы реформа бойынша генерал-губернаторлық.

А. Облыс, уез, болыс, ауылға бөлінді

В. Генерал-губернаторлық, болыс, ауылға бөлінді

С. Уез, болыс, ауылға бөлінді

Д. Облыс, округ, болыс, ауылға бөлінді

Е. Уез, болыс, қалаға бөлінді

12. Орынбор генерал-губернаторлығына –

А. Түркістан, Жетісу облыстары қосылды

В. Ақмола мен Семей облыстары қосылды

С. Орынбор, Торғай облыстары қосылды

Д. Түркістан, Семей облыстары қосылды

Е. Ақмола мен Жетісу облыстары

13. Түркістан генерал-губернаторлығына кірді.

А. Жетісу мен Сырдария облыстары

В. Семей мен Жетісу облыстары

С. Ақмола мен Семей облыстары

Д. Орал мен Торғай облыстары

Е. Орал мен Семей облыстары

14. Батыс Сібір генерал-губернаторлығына қосылды.

А. Ақмола мен Семей облыстары

В. Орал мен Торғай облыстары

С. Сырдария мен Жетісу облыстары

- Д. Жетісу мен Семей
- Е. Ақмола мен Жетісу

15. 1867-1868 жж. Уақытша Ереже бойынша 1872 жылы Астрахань губерниясына қосылды.

- А. Орал жері
- В. Атырау жері
- С. Маңғыстау жері
- Д. *Бөкей хандығының жері*
- Е. Ақмола жері

16. Маңғыстау приставтығы – Кавказ әскери округінің басқаруына, кейін Закаспий облысына қай жылы енгізілді?

- А. 1867 ж.
- В. 1868 ж.
- С. 1869 ж.
- Д. *1870 ж.*
- Е. 1871 ж.

17. Қытай және Иранмен дипломатиялық келіссөз жүргізуге рұқсат етті?

- А. *Түркістан генерал-губернаторына*
- В. Орынбор генерал-губернаторына
- С. Жетісу генерал-губернаторына
- Д. Семей генерал-губернаторына
- Е. Ақмола генерал-губернаторына

18. Облыстар бөлінді.

- А. *Уездерге*
- В. Болыстарға
- С. Ауылдарға
- Д. Округтерге
- Е. Генерал-губернаторлыққа

19. 1867-1868 жылдардағы Уақытша Ереже 2 жылға енгізілген болатын, ол бірақ қанша жылға созылып кетті?

- А. 5 жылға

- В. 10 жылға
- С. 15 жылға
- Д. 20 жылға
- Е. 25 жылға

20. 1867-1868 жылдардағы Уақытша Ереженің қандай салдары болды?

- А. Қазақ жеріне қазақ ие болды
- В. Қазақ жері Ресей үкіметінің меншігі болды
- С. Қазақ жері тәуелсіз болды
- Д. Қазақ жері еркін болды
- Е. Қазақ жері Закаспий облысына енгізілді

21. «Сырдария мен Жетісу облыстарын басқару туралы Ереже» мен «Торғай, Орал, Ақмола, Семей облыстарын басқару туралы Ереже» бойынша ең төменгі сот буыны –

- А. Әскери сот комиссиялары
- В. Уездік соттар
- С. Билер мен қазылар соты
- Д. Халық соты
- Е. Приказдық сот

I. «Түркістан өлкесін басқару және жер, салық өзгерістерін енгізу» 1886 ж. 2 маусым.

II. «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал, Торғай облыстарын басқару» 1891 ж. 25 маусым.

1. 1891 жылғы Ереже бойынша Түркістан өлкесінде 3 облыс құрылды –

- А. Ақмола, Семей, Жетісу
- В. Сырдария, Ферғана, Самарқан
- С. Сырдария, Жетісу, Дала
- Д. Орал, Торғай, Ақмола
- Е. Ақмола, Семей, Орал

2. Түркістан өлкесінің орталығы –

- A. Түркістан
- B. Алматы
- C. *Ташкент*
- D. Перовск
- E. Омбы

3. Дала генерал-губернаторлығына құрамына кірген облыстар.

- A. *Ақмола, Семей, Торғай, Орал облыстары*
- B. Орал, Торғай, Ақмола, Жетісу
- C. Сырдария, Жетісу, Орал, Торғай
- D. Ферғана, Самарқан, Ақмола, Семей
- E. Маңғыстау, Орал, Семей, Жетісу

4. Дала генерал-губернаторлығының орталығы –

- A. Тобыл
- B. Ташкент
- C. *Омбы*
- D. Верный
- E. Петропавл

5. 1891 жылғы «Ережеге» сай мұсылман ісін жүргізетін төменгі сот буыны –

- A. *Халық соты*
- B. Соттардың төтенше съезі
- C. Билер және қазылар соты
- D. Полиция басқармасы
- E. Приказдық сот

Қорыта келе, оқушылармен кешенді жұмыс істегенде ғана жоғары нәтижеге жетуге болады. Мұғалімнің өзі де бүкіл тест тапсырмаларын жатқа білуі тиіс. Ең бастысы, өзі біліп қана қоймай білгенін оқушыларға бере, жеткізе білуі керек.

**Орта мектепте қоғамдық пәндерді оқыту барысында жиі
қолданылатын
ТЕРМИН СӨЗДЕР**

Агрессия – басқа елдің жерін тартып алу, егемендігінен айыру немесе шектеу, халқын күшпен бағындыру мақсатымен шабуыл жасау.

Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 197 б.

Буржуазия – (зат. саяси) капиталистік қоғамдағы қанаушы үстем тап; меншік иелері. Буржуазия – жалдамалы еңбекті қанау есебіне өмір сүретін және байып отыратын капиталистердің, яғни негізгі өндіріс құралдары иелерінің тобы. Қ.т.т.с.2-том. – Алматы, 1976. – 458 б.

Ғасыр – жүз жылдық мерзімді қамтитын уақыт өлшемі. Қ.т.т.с. 3 том. – Алматы, 1978. – 12 б.

Дәуір – қоғамның, табиғаттың, саясаттың, ғылымның, жалпы өзіндік ерекшеліктері бар ұзақ кезеңі. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. – Алматы: Жеті Жарғы, 1998. – 203 б.

Ереуіл – жаппай бас көтеріліс, жаппай қозғалыс, аттаныс, дәулігушілік. Қ.т.т.с. 7 том. – Алматы, 1987. – 395 б.

Жалдамалы жұмысшы – еңбегін сатқан, жалданған. Қ.т.т.с. 4 том. – Алматы, 1979. – 19 б.

Интервенция – бір мемлекеттің екінші мемлекеттің ісіне, көбіне қарулы түрде қол сұғуы, басқа бір мемлекеттің жеріне басып кірушілік, үстемдік жүргізушілік. Қ.т.т.с. 4 том. – Алматы, 1979. – 463 б.

2) саяси партиялардың, кәсіпшілер одағы және басқа да ұйымдардың ортақ мақсат үшін күреске бірігуі, мысалы ұлттық майдан.

3) қоғамдық өмірдің бір саласы мысалы, мәдениет майданы. ҚСЭ. 7 том. – 378 б.

Империя – монополиялық капитализм, капитализмнің жоғарғы және соңғы сатысы. ҚСЭ. 5 том. – 8 б.

Көтеріліс – қарулы көтеріліс. ҚСЭ. 6 том. – 52 б.

Кезең – кез, уақыт, мезгіл. Қ.т.т.с. 4 том. – Алматы, 1979. – 557 б.

Капитализм – жеке меншікке негізделген қоғамдық құрылыс. Қ.т.т.с. 4-том. – Алматы, 1979. – 507 б.

Контрреволюция – революциядан бұрынғы тәртіпті қайта орнату үшін құрып бара жатқан немесе құлатылған тараптардың революцияға қарсы реакциялық күресі. Орысша-қазақша сөздік. 1-том. – 350 б.

Қозғалыс – жаппай наразылық, көтеріліс, ереуі. Қ.т.т.с. 6-том. – Алматы, 1983. – 253 б.

Қоғам – тарихи дамудың белгілі бір кезеңіндегі адамдардың материалдық игіліктерді өндіру тәсілі мен өндірістік қатынастарына негізделген қарым-қатынастың жалпы жиыны. Қ.т.т.с. 6-том. – Алматы, 1982. – 241-242 бб.

Монополия – көп пайда табу үшін товар өндіруді не оны өткізуді өз қолдарына жинақтаған капиталистер бірлестігі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. – Алматы, 1983. – 230 б.

Майдан – 1) соғыс қимылдары жүріп жатқан аймақ. Қарулы күштердің белгілі бағытта әрекет жасау үшін бір қолбасшының қаруына оперативті топтастырылуы да майдан деп аталады. Мысалы, Украина майданы, шығыс майдан.

Мәдениет – адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамдардың белгілі тарихи даму дәрежесі. ҚСЭ. 7 том. – 544 б.

Мемлекет – таптың қоғамдағы өкімет билігінің құралы. Кең мағынасында мемлекет дегеніміз – жария өкіметтің пайда болуы мен іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптасатын, қоғам өмірін ұйымдастырудың формасы және оның негізгі салаларына басшылық ететін, қажетті жағдайларда өкіметтің күш-қуатына сүйенетін басқару жүйесі. Мемлекет территориялық принцип бойынша құрылатындықтан бұл термин кейде «ел» ұғымының баламасы ретінде қолданылады. Мемлекеттің құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, социалистік типтері мәлім. Мемлекетті ұйымдастырудың формалары – монархия (абсолюттік және конституциялық), республика (парламенттік және президенттік) советтік республика, унитарлық мемлекет және одақтық мемлекет (федерация). ҚСЭ. 7 том. – 592 б.

Нарық – сатылатын заттардың тұрақты құнын білдіретін бағасы. Қ.т.т.с. 7-том. – Алматы, 1983. – 322 б.

Отарлау – бір мемлекеттің екінші мемлекетті өзіне тәуелді етуі, бағындыруы, езу, қанау. Қ.т.т.с. 7 том. – Алматы, 1983. – 487 б.

Өкімет – саяси үстемдік, билік.

Үкімет – мемлекеттік құрылысты басқару жүйесі. Қ.т.т.с 7 том. – Алматы, 1983. – 533 б.

Партизан – жау тылында құрылған партизан отрядының жауынгері, партизан соғысының ардагері, соған тікелей қатысушы. Қ.т.т.с.7-том. – Алматы, 1983. – 630 б.

Пролетариат – буржуазиялық қоғамдағы жалдамалы, қаналушы жұмысшы табы. Қ.т.т.с 8-том. – Алматы, 1985. – 17 б.

Отарлау – бір мемлекеттің екінші мемлекетті өзіне тәуелді етуі, бағындыруы; езу, қанау. Қ.т.т.с 7 том. – Алматы, 1983. – 487 б.

Революция – қоғамның барлық әлеуметтік-экономикалық саяси құрылымындағы түбегейлі сапалы төңкеріс. Оның біртіндеп, ақырын дамитын эволюциядан және ішінара өзгерістер жасайтын реформадан айырмасы зор. Ол көпшілік күштерді қозғалысқа келтіріп, революциялық ситуацияны тудыратын объективтік өзгерістер нәтижесінде пайда болады. Оның қозғаушы күшіне үстемдік етіп отырған қоғамдық құрылысты құлатып, одан жоғары прогресті құрылысты орнатқысы келген топтар, әлеуметтік топтар жатады. Революциялық қозғалыстың субъектісіне және оның алға қойған мақсатына байланысты революцияны буржуазиялық, буржуазиялық-демократиялық, ұлт-азаттық және т.с.с. етіп бөлді. Революция қоғамның дамуын орасан зор жеделдетеді. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 220-221 бб.

Реформа – қоғамдық құрылысты және оның институттарын жетілдіру үшін билік жүйесіне, саяси қызметтердің түрлі жақтарына өзгерістер енгізу. Ол қоғамның саяси жүйесін түгел немесе оның бір я бірнеше саласын қамтуы мүмкін. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 222 б.

Ру – адамдардың бір әулеттен тараған туыстық, қандастық тобы, тұқымы. Қ.т.т.с.8-том. – Алматы, 1985. – 76 б.

Салық – жеке адам мен кәсіпорындардан міндетті түрде алынатын мемлекеттік алым. Қ.т.т.с 8-том. – Алматы, 1985. – 137 б.

Соғыс – мемлекеттер, халықтар, ұлттар, топтар, діндер және т.б. арасындағы қайшылықтардан пайда болған қарулы күрес. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 227 б.

Саясат – алғашында мемлекеттік және қоғамдық істер немесе мемлекеттік басқару шеберлігі деген мағынаны білдіреді. Кейін келе оның мағынасы кеңейді және мынаны білдіреді: 1) өз мүддесін іске асыруға, қорғауға бағытталған саяси билікті басып алуға, қолында ұстауға, оны пайдалануға тырысушылықпен байланысты мемлекеттер, топтар, ұлттар, үлкен әлеуметтік топтардың арасындағы қатынастар саласындағы азаматтар мен жеке адамдар билігінің мекеме, бірлестіктердің қызметі; 2) мемлекеттің істеріне қатынасу, оның қызметінің түрін, мақсат мазмұнын анықтау;

3) адамзат қоғамының даму тарихында бұл ұғым көбінесе шебер жасырылған басшылар мен оның сыбайластарының ниеттерін, мақсаттарын және амал-әрекеттерінің түрлерін білдіреді; 4) әдеттегі тілде адамдардың өзара қатынастарына белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттің сипаты; 5) мемлекеттік және қоғамдық өмірдің күнделікті мәселелер немесе оқиғалар жиынтығы. Жамбылов Д. Саясаттану негіздері. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 223 б.

Социализм – өндіріс құралдарына ұжымдық немесе мемлекеттік меншікке, бөлуге және алмастыруға негізделген саяси және экономикалық теория немесе жүйе. Саясаттану. Қысқаша сөздік. – Алматы, 2001. – 341 б.

Тыл – соғыс майданынан алыста жатқан жер, ел іші. Қ.т.т.с. 9 том. – Алматы, 1986. – 363 б.

Тап – өндірістің тарихи бір системасында алатын орнымен өндіріс құрал-жабдықтарының қатынасына, еңбекті қоғамдық жолмен ұйымдастыру, одан алып отырған үлестің мөлшері мен алу әдісіне қарай ажыратылатын адамдардың үлкен топтары. Қ.т.т.с 9-том. – Алматы, 1986. – 6 б.

Тайпа – бірнеше ру, аталардан құралатын әлеуметтік топ. Қ.т.т.с.8-том. – Алматы, 1985. – 541 б.

Тәуелсіздік – біреуге бағынышты еместік: еркіндік, бостандық. Қ.т.т.с 9-том. – Алматы, 1986. – 82 б.

Хронология – болып өткен уақыт ретімен тіркеліп отырған оқиғалар тізбесі. Қ.т.т.с.10-том. – Алматы, 1986. – 66 б.

Шеру – бір елдің қарулы әскері, қалың қолы. Қ.т.т.с. 10-том. – Алматы, 1986. – 205 б.

Экономика – белгілі бір қоғамдағы үстемдік етуші өндірістік тәсілдерге сай, өндіргіш күштердің даму дәрежесін сипаттайтын қоғамдық-өндірістік қатынастардың жиынтығы. Қ.т.т.с. 10-том. – Алматы, 1986. – 461-462 бб.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Тұрлығұл Т.Т.* Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2003.
2. *Тұрсын Хазіретәлі.* Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
3. *Коровкин М.В., Студеникин М.Т.* Практикум по методике преподавания истории в школе. – М.: Владос, 2000.
4. Методические рекомендации к педагогической практике для студентов исторического факультета. – М., 1994.
5. *Короткова М.В.* О новых методических подходах в современных учебниках истории / научные труды МПГУ. – М., 1996.
6. *Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю.* Методика преподавания истории в школе. – М., 1999. С. 89-106.
7. *Жамбылов Д.* Саясаттану негіздері. – Алматы: Жеті жарғы, 1998.
8. Саясаттану. Қысқаша сөздік. – Алматы, 2001.
9. ҚСЭ. 7 т., 5 т.
10. Қазақ елінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 1983.
11. Қазақстан тарихы әдістемелік журнал.
12. *Койшиева С.Е.* Оқушыларды ҰБТ-ға дайындаудың тиімді жолдары.
13. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың педпрактика жөнінде әр жылдары шығарылған нұсқаулары.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1. Студент-практиканттың жұмыс бағдарламасы	7
2. Сабақ, сабақты бағалау, сабақ талдау үлгілері	10
3. Студент-практиканттың күнделігі.....	13
4. Сабақты бағалау шарттары (үлгі)	17
5. Орта мектептерде қоғамдық пәндерді өткізудегі сабақ жоспарларының үлгілері	20
6. Орта мектепте қоғамдық пәндерді оқыту барысында жиі қолданылатын термин сөздер	63
Пайдаланылған әдебиеттер	68

Оқу басылымы

Кунапина Қайыркен Құдайбергенқызы

МЕКТЕПТЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА

*Студент-практиканттарға арналған
әдістемелік құрал*

Редакторы *Агила Хасанқызы*
Компьютерде беттеген *Гүлмира Шакқозова*
Мұқаба дизайны *Ринат Сқақов*

ИБ № 5533

Басуға 30.11.2011 ж. кол қойылды. Пішімі 60x84/16. Көлемі 4,25 б.т.

Оффсеттік қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1002.

Таралымы 100 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

“Қазақ университеті” баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

“Қазақ университеті” баспаханасында басылды.

«ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ» БАСПАСЫНЫҢ КІТАПТАРЫ

Сатылымда

Каримов А. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы. - 2010. – 225 б.

ISBN 9965-29-661-8

Оқу құралы педагогикалық қызметтің педагогикалық шеберлік, педагогикалық мәдениет деңгейін көтеруге, кәсіби дағды мен білігін қалыптастырудың теориялық оқу-әдістемелік және практикалық мәселелеріне арналған.

Табылды Ә. Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі. - Өнд., толықт. 2-бас. – 2011. – 236 б.

ISBN 9965-29-644-8

Педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, профессор Әдібай Табылдың «Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі» құралында халық педагогикасының тәрбиелік тәсілдері талданады.

Айтбаева А. Әлеуметтік педагогика негіздері: оқу құралы. – 2011. – 165 бет.

ISBN 9965-29-722-3

Оқу құралында әлеуметтік педагогика ұғымы педагогиканың, әлеуметтік философияның және әлеуметтанудың құрамды бір бөлігі ретінде және әлеуметтік педагогтың девиантты мінез-құлықты, қиын және сырқат балалармен атқаратын қызмет аумағы сипатталған.

Бәшірова Ж., Әлқожаева Н. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы: оқу құралы. – 2011. – 175 б.

ISBN 978-601-248-261-5

Оқу құралында тұлғааралық қарым-қатынас жасауға байланысты теориялар мен практикалық мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар коммуникация мәселелері де қарастырылған.

Мукашева А., Касен Г. Педагогическая практика в магистратуре: методические рекомендации. – 2011. – 84 с.

ISBN 978-601-247-294-3

В методических рекомендациях рассмотрены организационные и содержательные аспекты педагогической практики в магистратуре, педагогические и психологические составляющие теории и практики проведения занятий и воспитательных мероприятий в рамках педагогической практики магистрантов.

Кітаптарды сатып алуға байланысты сұрақтар бойынша «Қазақ университеті» баспасының сату бөліміне Г.З.Ихсановаға хабарласыңыздар. Байланыс тел: 8(727)377-33-36, 377-33-37, доб. 13-69. Мобил.тел. 8-777-316-03-97. E-mail: Gulnara.Ikhsanova@kaznu.kz. www.read.kz